



ЛЕНИНШІЛ РУСТЕМОВ



«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
БАСТАСЫ

Ө Н Е Г Е Л І Ө М І Р

Үмітай ӘМІРБЕКОВА

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР ИЕСІ

Лениншіл ағайды еске алғанда менін ойыма бірден ол кісінің киім киісі мен ерекше кескін-келбеті түседі. Дүкеннен жаңа ғана сатып алғандай көрінетін киімі қонымды әрі өте жарасымды, ал қадамын нық басқан жүріс-тұрысы тартылған сымдай болатын. Әр көрген сайын «неткен кербез, неткен паң адам?» деп ойлайтынмын.

1991 жылы КазГУ-дің парсы бөліміне 10 адам оқуға түстік. Арамызда мектепті енді бітіргендер мен әскер қатарынан келгендер, бір-екі рет окудан «құлап» зарыға кол жеткізгендері бар, әйтеуір әртүрліміз. Сөйткен жастар, Лениншіл ағайдан дәріс алып, тәлімін үйреніп сап түзеген болатынбыз. Біз үшін парсы тілі – бейтаныс әлем. Сол әлемнің құпия сырларын ашқан ағайымыздың сабағы дүниедегі ең қызық, ең тартымды нәрседей болып көрінетін. Бәріміз ағайдың айтқандарын қалт жібермей, қағып алуға, ұғып алуға тырысып бақтық. Сабағын асыға күтіп, аса бір үлкен жауапкершілікпен қарап, жіберіп алмауға тырысатын едік. Сабактан калмау демекші, бір күні мынандай бір жағдай болған еді. Ол оқиганы күліп еске аламыз гой, казір. Курстасымыз Ергеннің, мүмкін, есінен шығып кеткен де болар. Бірақ, қыздардың басы қосылған сайын студенттік өміріміздің армансыз күндерін осы оқиганы айтып еске аламыз. Сонымен, бір күні біздің Ерген сабакқа екі езуі екі құлағына жетіп, мәз болып келді. Ойымызда ештеңе жоқ. Ананы-мынаны айтып ыржалақтап күле береді. Сейтсек, сабазымыз «қызулау» екен.

Сабак басталып кетті. Лениншіл ағай жаңа сабак түсін-діріп жатыр. Ерген болса, әйтеуір ағайдың сөзін бөле береді. Содан ағай Ергенді қасына шақырып алды да, жаймен ғана

«Ерген, шырағым, сен бүгін үйіңе бара бер. Сабакқа ертең келерсің», – деп шығарып салды. Жаспыз гой, ол кездे ол кісінің бұл әрекетіне аса мән бермеген екенбіз. Енді ойланып қарасам, ағайдың бұл ісі тәрбиенің бір түрі екен гой. Басқа адам болса, сабакқа ішіп алып келдің деп, итке талатқандай қылары анық еді. Ағай болса, парасаттылық танытып, әкедей камқор болып, бізге үлгі көрсетті. Мұндай өнегелі сэттер, әрине, аз болған жоқ. Мен ағайдың осы әрекетін әрдайым жадымда тұтып, ол кісіні үлкен бір құрметпен еске аламын.

Лениншіл ағайдың қарамағында, ол кісі факультетіміздің деканы болған кезде, хатшы болып біраз жұмыс істедім. Гүлшара апай екеуіміз деканатта отырамыз. Ағайдың көмекшісімін. Әртүрлі құжаттарды машинкаға басамын. Ол кезде компьютер деген жоқ. Айтайын дегенім, Лениншіл ағай тамаша ұйымдастыруши, қарамағындағыларға талап қоя білетін басшы, факультетіміздің жанашыры еді. Жаңадан егемендігіне қол жеткізіп отырған елміз, жас факультетпіз. Кемшіліктеріміз де бар, жетістіктеріміз де бар. Ағай өзінің білімділігінің, саяси сауаттылығының, адамдармен қарым-қатынас орната білетіндігінің арқасында талай мәселелердің он шешімін таба білетін жан еді. Қарамағындағыларға сыйластықпен қарайтын. Бізге дауыс көтеріп, бұйрыкты түрде сөйлеу деген ол кісіде болған емес. Өте сауатты кісі еді. Барлық құжаттарды үтір-нұктесіне дейін ерінбей тексеріп, қателерін тузақтап отыратын.

Аралықта Лениншіл ағай тілдік тәжірибеден өту үшін студенттерді алып Иран еліне барып келді. Ол жақта да табысты енбек етіп, бізге арнап оқулық жазды. Қазір сол оқулық талай парсы тілін үйренемін деген студенттің қолында жүр. Мен ағайды соңғы мәрте Ираннан слге оралған кезде көрдім. Сол бұрынғы қалпы, тек өні сөл бозарынқырап кетіпти. Кафедрага кіріп келді. Куанып кеттім. Амандасып, хал-

МОИ ВОСПОМИНАНИЯ

жағдайды сұрастық. Ағай Ираннан әкелген сыйлықтарын беріп мәз қылды. Елеп-ескергеніне риза болдым. Кафедрадағы ешкімді ұмытпаған, бәрімізге де сыйлықтары жетті. Иранда жазған оқулығын көрсетіп, әлі де біраз өндөу қажет екендігін айтты. Содан кейін ол кісі ауруханаға жатып, біраз әмделіп алғаннан кейін жұмысқа ораламын деп, қажетті қағаздарын алып, бізben қош айтысып кеткен еді. Бірнеше күн өткеннен кейін біздің топтың балалары бәріміз ағайдың хал-жағдайын білуге ауруханаға бармакшы болдық. Біз әнеміне деп жүргенде, ағайдың өзі кафедраға телефон соқты. Жағдай сұрасып, факультеттегі болып жаткан жаналықтарды сұрады. Мен «Ағай, біз ауруханаға бармакшымыз, мекенжайын айтасыз ба?» – деген едім. Ол кісі: «Жоқ-жоқ. Ертең операция жасайын деп жатыр. Содан кейін өзім келемін сендерге. Әуре болмандар.» – деп еді. Әлі күнге дейін артынан іздел ауруханаға бармаганымызға өкінемін.

Менің ағаймен бұл соңғы тілдесуім екен ғой. Қайта жүздесуге Алла жазбапты. Колдан келер басқа амал болмаған сон, «Алланың ісі» деп мойынсұнамыз да. Ағай! Сіздің жарқын бейненіз шәкірттеріңіздің жадында мәңгі сақталады!

Сколько времени ушло, сколько воды утекло? Иногда страшно становится от того, что время так стремительно утекает. Вот уже 19 лет, как аташка не с нами. Его нет физически, но он всегда рядом, в наших сердцах. Я очень четко его помню, словно и не было этих 19 лет. Мне только исполнилось 6, когда его не стало. Но я помню все, каждое мгновение, что мы провели вместе. Как мы играли, как гуляли, его слова. Его образ стоит передо мной. Я помню лишь хорошие моменты, связанные с ним, потому что других и не было. И в буквальном смысле я не знаю ни одного человека, который бы сказал что-то не лестное в адрес аташки. Будь то близкие люди, родственники или совершенно посторонние люди, которые знали его недолго. Он не оставлял равнодушными даже людей, которые видели его при жизни всего лишь раз. Это был совершенно необыкновенный человек, прекрасный отец, заботливый муж и просто мировой дедушка. Для меня он навсегда останется эталоном представителя рода мужского. Всегда галантный, не перестающий удивлять своими интеллектуальными способностями, совершенно разносторонний и абсолютная душа компании. Именно таким знали его все, друзья, родственники, соратники и коллеги.

Я не могу говорить о нем равнодушно, каждый раз, когда я хочу сказать что-то о нем, ком подступает к горлу. Как сильно он любил мою маму, настолько же сильной стала и его любовь ко мне, первой внучке. И я, будучи ребенком, чувствовала это, оттого и была такой капризной, но только с ним. Как мне хотелось получать больше внимания от него, как я его ждала каждый раз после работы! И ведь этот человек никогда не приходил с пустыми руками, а разве

МАЗМҰНЫ

<i>Ректордың кіріспе сөзі</i>	5
<i>Калиева Ш.</i> Л.З. Рұстемовтің ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызыметінің қысқаша очеркі	7
Л.З. Рұстемовтің ғылыми еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	16
Мұрагат құжаттары.....	24

Ізгілік іздері

<i>Рустемов Л.З.</i> Факультеты общественных профессий в системе подготовки учительских кадров	38
<i>Рустемов Л.З.</i> Обращаюсь еще раз... спустя пять лет	43
<i>Рустемов Л.</i> «Қазақ тілі» қоғамын құру мәжілісіндегі баяндамасы	53
<i>Рустемов Л.</i> Иран ирімдері немесе көзben көріп, жүрекпен сезінген көңіл күнделігінен	68

Жүйріктердің жөні болек

<i>Сатыбалдин С.</i> Профессор Л. Рұстемов – еліміздің ұлағатты азаматы.....	104
<i>Мансуров З.</i> Л.З. Рустемов – ученый, педагог, общественный деятель	113
<i>Кейманен А.</i> Өлімнен кейінгі жаңа өмір	116
<i>Чупеков А.</i> К 80-летию Л.З. Рустемова	121
<i>Шәлекенов У.</i> Лениншіл Зиябекұлы Рұстемов – қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым	125
<i>Әубекірұлы Ә.</i> Тұлпарлар бар бәйгесін алмай кеткен.....	131
<i>Кожахметұлы К.</i> Лениншіл Рұстемов	135
<i>Күмісбаев Ә.</i> Аспалы көпір	146
<i>Мәдиев С.</i> Әке аманатын арқалаған ғұлама	151
<i>Толмачева Л.</i> Лидер, друг, ученый.....	168

Ол біздің жанымызда жур

<i>Дамитов Б.</i> Немного о моем учителе	176
<i>Надирова Г.</i> Что известно о работах профессора Л.З. Рустемова за рубежом?	181
<i>Смагұлова Г.</i> Жақсылардың аты өлмейді	188
<i>Жеменей И.</i> Өрелі ұстаз.....	192
<i>Жұбатова Б.</i> Л.З. Рустемов – ғалым және ұстаз.....	197
<i>Атабай Б.</i> Ғылым жолындағы бірінші шамшырағым	206
<i>Мамаева М.</i> Жақсыдан шарапат	211
<i>Джурсунбеков М.</i> Я всегда буду рядом	216

Өлімнен кейін басталған өмір

<i>Боранбаева А.</i> Рустемов ағайдың жоктығы әлі де сезіледі.....	220
<i>Бақыт Ә.</i> Ұстаз – киелі ұғым.....	226
<i>Базарқұлова Б.</i> Лениншіл Зиябекұлымен бірге Иранға жасаған алғашқы сапар	231
<i>Құдайбергенова Г.</i> Ұстаз жайында бірер сөз	236
<i>Кенжебекова Г.</i> Ғалым аға	239
<i>Қамбарбекова Г.</i> Ұстазбен өтпей қалған бір сабак	242
<i>Мәшиур-Жусін Е.</i> Біздің жайсан ағайымыз	256
<i>Садықова Р.</i> Ғалым-ұстаз Л.З. Рұстемов – тәуелсіз Қазақстан ұрпактарының өшпес шырағы	260
<i>Қадыр Т.</i> Ұстаз рухына тағым	263
<i>Әмірбекова Ү.</i> Өнегелі ғұмыр иесі	268
<i>Рустем М.</i> Мои воспоминания	271
В последний путь	274
<i>Л.З. Рұстемовтің өмірі мен қызыметінің негізгі кезеңдері</i>	275